

Г. А. Давыдов

**Ақтөбе қаласы І.Есенберлин атындағы
«№ 15 орта мектебі» мемлекеттік
мекемесінің ішкі тәртіп ережесі**

I.Есенберлин атындағы «№ 15 орта мектебі» мемлекеттік мекемесінің ішкі тәртіп ережесі

Осы ішкі тәртіп ережесі «№ 15 орта мектебі» ММ қызметкерлері, сонымен қатар білім алушылары үшін орындалуға міндетті.

I.Білім беру ұйымының әкімшілігі және педагогтерінің білім алушылармен өзара қарым-қатынасы.

1. Мектеп сабағына қатысу.

Сабақ білім алу және дағдыларды дамытудың негізгі формасы болып табылады және білім үдерісінде жетекші орынға ие. Сабақта келетін табыс сабаққа қатысу және сабақ тәртібімен ажырамас байланыста болып отыр. Белгісіз себептермен сабаққа қатыспауға жол берілмейді.

Сабаққа қатыспау екі категория бойынша қарастырылады:

1 категория – белгілі себептер бойынша сабақта болмау;

2 категория – белгісіз себептер бойынша.

1 категория бойынша сабақта болмауы мүмкін:

- Сырқаттану бойынша, дәрігерге бару, отбасылық жағдайлар. Ата-ана, оқушыны қатарынан 3 күннен артық емес және тоқсан бойынша жалпы 5 күннен артық емес сынып жетекшісіне хабарлау және мектеп директоры атына жазбаша арыз жазумен сабақтан босатуға құқылы;
- Мектеп директорының бұйрығы бойынша жоспардан тыс мектеп және мектептен тыс іс-шаралар (спорт жарысы, қалалық және республикалық олимпиада концерт, конкурс), білім бөлімінің бұйрығы бойынша, білім басқармасының бұйрығы бойынша, мектеп әкімшілігі келісімімен мектептен тыс мекеме өтініші бойынша;
- Директор бұйрығы бойынша әкімшілік келісімі жоспарымен мектеп ұйымдастыратын іс-шаралармен байланысты.

Салдары:

- Белгілі себептер бойынша сабақта болмаған жағдайда, әкімшілік рұқсат етуімен сабақ кезінде өткізілетін мектепшілік шараларға қатысатын оқушылар тізімі осы сыныпта жұмыс істейтін мұғалімдерге 3 күннен кеш емес хабарланады;
- Белгілі себептермен тоқсан сабақтарына қатыспаған 50% нәтижесі, сонымен қатар сырқаттану бойынша пәннен «аттестациядан өтпеген» деген баға болады;
- Белгілі себептермен сабаққа қатыспаған оқушылар 2 апта мерзімінде жоқ болған уақыты үшін пән бойынша сынып орындаған барлық үй тапсырмаларын орындауға және оларды мұғалім баға қою үшін ұсынуға міндетті. Екі апта өткен соң, жұмыс тапсырылмаған жағдайда мұғалім қанағатсыз бағасын қояды немесе ұсынылатын тапсыру мерзімі және жағдайы туралы әкімшілік пен оқушыларға хабарлайды (жеке алғанда, жұмыс бағасын бір ұпайға төмендету туралы және басқасы);
- Сабаққа қатыспаған және белгілі себептер бойынша «аттестациядан өтпеген» деген бағасы бар оқушылар білімде бар кемістікті қалпына келтіру үшін жеке кеңес беретін мұғалімдер көмегін пайдалануға құқылы;
- 2 категория бойынша (белгісіз себептер) оқушылар тоқсан бойынша пәннен үш күннен артық сабаққа қатыспаса болмайды;
- Мұғалімдер сынып журналында сабаққа қатыспаған күндерді белгілеуге міндетті;
- Белгісіз себептер бойынша жүйелі сабаққа қатыспау ішкі ереже тәртібі Ережесін өрескел бұзған болып есептеледі, оның нәтижесі тоқсан бойынша «аттестациядан өтпеген» деген бағасы болып табылады.

2. Сабаққа кешігу.

Кешігу де екі категория бойынша анықталады:

1 категория – белгілі себептер бойынша кешігу;

2 категория – белгісіз себептер бойынша кешігу;

- Оқушылар кешігуін ата-ана оқушы сабаққа кешіккен күні ақтайтын құжатты ұсынумен оқушыны ақтай алады;
- Белгілі себептер бойынша кешігу ақтау құжатын ұсынған жағдайда қалалық көлік жұмысы болуы мүмкін;
- Асханада кідіргеннен сабаққа кешігу белгісіз себептер бойынша кешігу болып есептеледі;
- 2 категория бойынша жүйелі кешігу тәртіпті өрескел бұзу болып табылады;
- Белгісіз себептер бойынша сабаққа кешіккен оқушы кезекші әкімшілікке жазбаша түрде түсініктеме беруге міндетті;
- Пән жүргізуші мұғалім оқушы күнделігінде тиісті жазба жазуы тиіс.

3. Күн аралығында сабақтан кету. Оқудан жалтару.

- Сабақтан өз бетінше кету сабақтан жалтару болып есептеледі, бұл ІІБ КТБ-не мектеп әкімшілігі берген өтініші негізінде оқушы және ата-ананы әкімшілік жазалауға тартады.

4. Өзіне-өзі қызмет көрсету және мектеп бойынша кезекшілік атқару бойынша еңбекке қатысудан бас тарту.

- Оқушы көңіл-күйі нашар болғанда немесе мектептің медициналық қызметкері немесе медициналық мекемеден алынған ақтау құжаттары негізінде бор, суға аллергиялық реакциясы болған жағдайда өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша еңбекпен байланысты міндеттерді орындаудан бас тартуға құқылы;
- Оқушының кесте бойынша тағайындалған уақытта кезекшілік атқаруға мүмкіндігі болмаса, оны сынып жетекші немесе кезекшілік үшін жауапты адаммен басқа уақытқа келісу керек;
- Белгісіз себептермен кезекшіліктен бас тарту ішкі тәртіп ережесін оқушы бұзған болып есептеледі.

5. Мектеп мүлігін бүлдіру.

- Кездейсоқ немесе әдейі әйнекті қиратқан, орындық, үстелді сындырған, басқа әрекет жасаған оқушы затты жөндеуге немесе залалды материалдық өтеуге міндетті: залал туралы акт негізінде мектеп мүлігін бүлдіргені үшін материалдық залалды өтеу туралы әкімшілік комиссиясына арыз беріледі. Материалдық жауапкершілікті ата-ана тартады.
- Бүлдірген және жоғалған оқулықтар үшін ата-ана материалдық жауапты болады.

6. Мектепке алып кіруге және қолдануға тыйым салынған заттар: барлық атыс қаруы, газды қару, пневматикалық тапанша, ойыншық тапанша, электрошокты құрылғылар, қадалғыш, кескіш қарулармен өткір заттар, балта, тоқитын инелер, біз, жинамалы, бүктемелі, пластмас пышақтарды қолдануға тыйым салынады.

7. Мектеп және оның аумағында шылым тарту, алкоголь ішімдігі, есірткі заттарды қолдану.

- Мектеп және оның аумағында шылым тарту, спирт ішімдіктерін ішу ішкі тәртіп Ережесі, санитарлық-гигиеналық нормасы, өртке қарсы қауіпсіздігін өрескел бұзушылық болып табылады, бұл жасөспірім және оның ата-

анасын әкімшілік жазалауға тартады. Ішкі тәртіп Ережесін бұзу туралы акт негізінде мектеп әкімшілігінің өтініші ІІБ КТБ-не беріледі.

- Шылым тартқаны, спирт ішімдіктерін ішкені және есірткі заттарды қолданғаны үшін оқушылар мектеп наркологиялық орны немесе нарколог дәрігерге есепке қойылады.

2

8. Келіссіз сөгіс және әдепсіз сөздерді қолдану.

- Оқушылардың келіссіз сөгіс және әдепсіз сөздерді қолданғаны ішкі тәртіп Ережесін өрескел бұзған болып табылады, бұл ІІБ КТБ-не мектеп әкімшілігінің өтініш беру негізінде ата-ананы әкімшілік жазалауға тартады.

9. Төбелесу және төбелеске азғыру.

- Мектеп аумағында, сонымен қатар мектептен тыс жерде төбелесу, төбелеске азғыру ішкі тәртіп Ережесін өрескел бұзған болып табылады.
- Төбелеске қатысу және төбелеске азғыру зардап тартушының берген арызы немесе ІІБ КТБ-не мектеп әкімшілігінің өтініш беру негізінде жасөспірім және ата-ананы қылмыстық, сонымен қатар әкімшілік жазалауға тартады.

10. Қорқытып алу және жеке тұлғаны кемсіту.

- Мектеп аумағында, сонымен қатар оның шегінен тыс қорқытып алу және жеке тұлғаны кемсіту ішкі тәртіп Ережесін өрескел бұзған болып табылады және зардап тартушының берген арызы немесе ІІБ КТБ-не мектеп әкімшілігінің өтініш беру негізінде қылмыстық және әкімшілік жазалауға тартады.

11. Мектеп оқушыларының мұғалімдер және техникалық қызметкерлер құрамына қатынасы.

- Мұғалімдер және техникалық қызметкерлер құрамына өрескел қатынасы ішкі тәртіп Ережесін өрескел бұзған болып табылады және арыз немесе ІІБ КТБ-не мектеп әкімшілігінің өтініш беру негізінде оқушылар мен ата-ананы әкімшілік жазалауға тартады.
- Мектеп оқушылары кездесу кезінде бір-бірімен, мектеп мұғалімдерімен, техникалық қызметкерлер және мектепте бар барлық үлкендермен сәлемдесуі тиіс.

12. Сабақ және үзілісте тәртіпті бұзу.

Мектепте үзілді-кесілді тыйым салынады:

- қару, пышақ, спирттік ішімдіктер, темекі өнімдері, наша және токсиндік заттарды әкелуге, біреуге беруге және қолдануға;
- кез келген жарылғыш, жанғыш заттарды қолдануға;
- қарым қатынаста күш көрсетуге, қорқытып тартып алуға;
- тәртіпбұзушылық жасауға;
- дөрекі сөйлеуге;
- мектепте ұялы телефондар смартфонды плеер, электрондық ойындар және басқаны қолдануға болмайды;

Сабақ және үзілісте тәртіпті бұзу ішкі тәртіп Ережесін өрескел бұзған болып табылады және ақтау құжаттары жоқ. Оқушы тәртіпті бұзған жағдайда пән жүргізуші мұғалім қанағатсыз тәртіп туралы оқушы күнделігіне жазба жазуы керек және сынып жетекші немесе кезекші әкімшілікке жазбаша формада хабарлауы тиіс.

13. Мектепте болу регламенті.

- Бірінші сабақ алдында мектепте оқушыларды кезекші әкімшілік және сынып жетекші қарсы алады.

- Оқушылар сабақ, қосымша, факультатив сабағы немесе үйірме сабағы, репетиция немесе іс-шаралар басталуға дейін 15 минут бұрын мектепке келеді.
- Оқушылар соңғы сабақ аяқталған соң, мектептен кетеді.
- Соңғы сабақтан соң, оқушыларды киім шешетін бөлмеге пән жүргізуші мұғалім шығарып салады.

3

- Сабақ аяқталған соң, оқушылар кезекшілік, қосымша сабақ, факультатив, үйірме, репетиция немесе іс-шаралар үшін мектепте қалуы мүмкін.
- Оқушыларға кезекшілік, қосымша, факультатив сабақ, үйірме, репетиция және іс-шаралар үшін пән жүргізуші мұғалімсіз, факультатив, үйірме жетекшісіз, сынып жетекшісіз мектепте болуына жол берілмейді.
- Әкімшілік рұқсатынсыз бөтен тұлғалар мектепке жіберілмейді.
- Кабинеттер кілтін тек мұғалім алып, тапсырады.

14. Мектеп формасын кию.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №26 бұйрығы ҚР Әділет министрлігінде 2016ж 16 ақпанда №13085 тіркелген «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР заңының 5 бабының 14-1 тармақшасына сәйкес және «№15 орта мектебі» ММ жарғысының 83,84 тармағына сәйкес мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Мектепте (орамал, кемешек, хиджаб, никаб, паранжа т.б.) киюге болмайды.
- Мектеп формасын кию барлық оқушылар үшін міндетті болып табылады. Мектеп формасының болмауы ішкі тәртіп Ережесін өрескел бұзған болып табылады.

15. Киім шешетін бөлмені пайдалану.

- Оқушылар сыныпқа бекітілген киім шешетін бөлмені пайдаланады, басқа киім шешетін бөлмені пайдалану тыйым салынады.
- Оқушылар киім шешетін бөлмеде сыртқы киім, аяқ киім және бас киімді пакетте қалдырады.
- Киім жоғалғаны туралы кезекші вахтер дереу кезекші әкімшілікке хабарлайды, қалған киімді вахтаға тапсырады.
- Қалдырылған кілт, мобильдік телефон және басқа құнды заттар үшін әкімшілік жауапты болмайды.
- Соңғы сабақтан соң, оқушыларды киім шешетін бөлмеге пән жүргізуші мұғалім шығарып салады.

16. Екінші аяқ киімді кию.

- Санитарлық-гигиеналық норманы негізге ала отырып, екінші аяқ киімді кию барлық оқушылар үшін міндетті.
- Екінші аяқ киім таза болуы тиіс.

17. Асханада тамақтану регламенті.

- Оқушылар мектеп әкімшілігі құрастырған кесте бойынша асханада тамақтанады.

18. Мектеп бойынша кезекшілік регламенті.

- Мектеп бойынша кезекшілік кезекшілік туралы ереже негізінде және мектеп әкімшілігі құрастырған кезекшілік кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

19. Тәртіптік жазалау.

Мектеп туралы Ереже және мектеп Жарғысы негізінде оқушыларға келесі тәртіптік жазалау қолданылады:

1. Тәртіптік дәптер және күнделікке жазу;

2. Ескерту ретінде ата-анамен шақыру:

- Мектеп директорына;
- Мектеп директоры орынбасарына;
- Алдын алу кеңесіне.

4

3. Отырыста талқылау:

- Педагогикалық кеңес;
- Ата-аналар комитеті;
- Директор қатысуымен кеңесу.

4. Мектеп бойынша бұйрықпен оқушыларға хабарлануы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс.

5. Мектеп әкімшілігі және сынып жетекші ата-ананың жұмыс орнына оқушылардың оқудан жалтаруы және ішкі тәртіп Ережесін бұзуы туралы **жазбаша ақпарат** беруге құқылы.

6. Ішкі тәртіп Ережесін жүйелі өрескел бұзғаны үшін педагогикалық кеңес баланы дұрыс тәрбиелемегені үшін ата-ананы жазалау туралы **кәмелетке толмағандар ісі** бойынша және **олардың құқығын қорғау** жөніндегі **Комиссия** алдында өтініш беруге құқылы.

7. Құқық бұзушылық жасағаны және оқудан жалтарғаны үшін оқушы **есепке қойылуы мүмкін:**

- мектепшілік есеп;
- ІІБ КТБ-не есепке қою.

8. Құқық бұзушылық жасағаны, ішкі тәртіп Ережесін жүйелі өрескел бұзғаны үшін 14 жасқа толған оқушыларға соңғы шара – **мектептен шығару** қолданылуы мүмкін.

9. Тәртіптік жазалауы бар оқушылар тоқсандық тәртібі бойынша **«қанағатсыз»** деген баға алады.

20. Мадақтау.

Оқуда зор көрсеткіштері, ішкі тәртіп Ережесін адал орындағаны, іске шығармашылық қатынасы үшін мадақталуы мүмкін:

- Мектеп бойынша директор бұйрығында алғыс жариялау
- Оқу жылының аяғында 5 жұмыс күн аралығында директор бұйрығы бойынша жеңілдік демалысы;
- Құрмет қағазы;
- Ерекше өзгешеленген оқушылар ата-анасына мектеп әкімшілігінен алғыс хаты жолдануы мүмкін;
- Ерекше өзгешеленген оқушылар туралы материал қалалық басылымда жариялануы мүмкін;
- Жеке пәндерді оқуда ерекше табысы үшін мектеп түлектеріне ҚР БМ мақтау қағаздары беріледі;
- Үздік оқуы үшін оқушылар ҚР БМ мақтау қағаздарымен, ал мектеп түлектері «Алтын белгі» белгілерімен марапатталады.

5